

**АКТИВТІ ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛ – АҰМ**

Пән: **Қазақ тілі**  
 Деңгей – **В1**  
 Апта - **15**

Кредит саны – **3**  
 Практикалық сабақ


Лексикалық тақырып: **Сәулет өнері және киіз үй құрылысы**  
 Грамматикалық тақырып: **Іс-әрекеттің аяқталуын білдіретін құрылымдар.**

Оқытушы:



**Грамматикалық түсініктеме.** Іс-әрекеттің аяқталуын білдіретін құрылым – сөйлемде негізгі етістікке **-ып/-іп/-п** жұрнақтары жалғанып, **кет, бол, шық, біт, бітір, қой** көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалып, іс-әрекеттің аяқталғанын білдіреді.

Грамматика сөйлейді



**1-тапсырма.** Негізгі етістікке **кет, бол, шық, біт, бітір, қой** көмекші етістіктерін тіркестіріп, сөйлем құраңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_
7. \_\_\_\_\_



**2-тапсырма.** Жақшаны ашып, іс-әрекеттің аяқталғанын жазыңыз.

1. Туған-туыс, көрші-көлемдер жиналып, киіз үйді кешке дейін (құру/қой)
2. Кеше тыңдаушылар сегіз қанат киіз үйде таңға дейін (айтысу/шық).
3. Ауылдың ер азаматтары киіз үйді түске дейін (жығу/бол).
4. Сымбат сән орталығы киіз үй жабдықтарын бір аптада (тігу/шық).
5. Біз сәулетшіден сәулет өнері туралы ақпарат (алу/қой).
6. Кеше апай бізге «Сәулет өнері және киіз үй құрылысы» туралы сабақ (өту/кету).
7. Бекзат «Қазақтың сәулет өнері» кітабын екі күнде (оқу/бітір)
8. Тілшілер киіз үйдің құрылысы туралы бейнеролик (түсіру/шық).
9. Қазақ тілі мұғалімі тарихымыздағы ең алғашқы сәулет құрылысы – киіз үй туралы (айту/кет).
10. Ақсақал ауыл жұртына риза боп, батасын (беру/кет).



**3-тапсырма. 2–тапсырмадағы сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_
7. \_\_\_\_\_
8. \_\_\_\_\_
9. \_\_\_\_\_
10. \_\_\_\_\_



**4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сәулет өнерін қалай түсіндіресіз?
2. Қазақтың баспанасы – киіз үй туралы не білесіз?
3. Киіз үйге қатысты тыйымдарды білесіз бе?
4. Киіз үйдің құрылымына байланысты қандай бата-тілек білесіз?



**СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС**

- сәулет өнері – \_\_\_\_\_
- жобалау - \_\_\_\_\_
- туынды – \_\_\_\_\_
- балшық – \_\_\_\_\_
- әрлеу – \_\_\_\_\_
- күнделікті тіршілік – \_\_\_\_\_
- калыптастыру – \_\_\_\_\_
- тоғысу – \_\_\_\_\_
- бағалану - \_\_\_\_\_
- жәдігер - \_\_\_\_\_
- кереге - \_\_\_\_\_
- мүлік - \_\_\_\_\_
- киіз - \_\_\_\_\_
- сықырлауық - \_\_\_\_\_
- біріктіру - \_\_\_\_\_
- уық - \_\_\_\_\_
- шаңырақ - \_\_\_\_\_
- киіз үйдің сүйегі - \_\_\_\_\_



**5-тапсырма. Сөздікте берілген сөздердің орысша аудармасын тиісті орындарға қойыңыз және есте сақтаңыз.**

Отделка, кость юрты, оцениваться, глина, восстанавливать, архитектура, планирование, произведение, повседневная жизнь, сходиться, имущество, памятник, деревянная решетка - образующая круглые стены юрты, кошма, дверь юрты, соединить, изогнутые палки, деревянный круг на верхушке юрты.



**6-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқып шығыңыз.**

## **СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ЖӘНЕ КИІЗ ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ**

Сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу және оны әрлеу. Архитектор ежелгі гректің *architekton* сөзінен шыққан, құрылысшы деген мағынаны білдіреді.

Архитектура туындылары адамның күнделікті тіршілік ортасын қалыптастырады. Сәулет өнері арқылы адамдардың түрлі қажеттіліктеріне қарай тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер тұрғызылады.

Сәулет өнері - техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері.

Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан. Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан салды.

Қазақстан аумағында қола дәуіріндегі ғимараттар тік бұрышты пішінде жасалды. Олар тұрғын және шаруашылық бөлімдерінен тұрды. Кейінірек дөңгелек пішіндегі үйлер мен киіз үйлер пайда болды.

Киіз үй - тарихымыздағы ең алғашқы сәулет құрылысы. Киіз үй біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын қола дәуірінен белгілі. Киіз үй көшіп-қонуға ең қолайлы жәдігер. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300-400 кг жуық. Бұл салмақты бір түйе еркін көтере алады. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын және жер сілкінісіне де ыңғайлы, оңайлықпен бұзылмайды.

Киіз үйдің негізгі бөлшектері: кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық.

Кереге – киіз үйдің негізін құрайды. «Керегең кең болсын!» - деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Кереге санына қарай киіз үй 4, 6, 8, 12 қанат етіп тұрғызылады.

Шаңырақ – пішіні күмбез тәріздес, уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады. Шаңырақ деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Жаңа үйленгендерді «шаңырақ көтерді» дейді.

Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Әр үйде көлеміне қарай 60-160-тай уық болады.

Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік – сықырлауық, ағаштан жасалады, екіншісі киіз есік – кизден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады.

Киіз үйді қазақ халқы қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланады.



**7-тапсырма. Мәтіннен түсінгеніңізді төмендегі кесте бойынша жазыңыз және баяндаңыз.**

**БІЛЕМІН**

**БІЛДІМ**

**БІЛГІМ  
КЕЛЕДІ**



**8-жаттығу. Киіз үйдің құрамдас бөліктерін дұрыс көрсетіңіз:** кереге, уық, киіз үйдің сүйегі, сықырлауық, шаңырақ, уық бау, басқұр, желбау.





**9-тапсырма. Төмендегі сөздерден сөз тіркестерін жасаңыз және түсіндіріңіз.**

Шаңырақ \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.  
Өнер \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.  
Үй \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.

**Керекті сөздер:** киіз, сөз, тұрғын, жаңа, қара, үлкен, сәулет, құтты, мүсін.



**10-тапсырма. Берілген сөздердің синонимін табыңыз.**

Үй, \_\_\_\_\_  
Жәдігер, \_\_\_\_\_  
Пішін, \_\_\_\_\_  
Әрлеу, \_\_\_\_\_  
Қолайлы, \_\_\_\_\_



**11-тапсырма. ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!**

**Киіз үйдің құрылысы**

Ағаш сүйектері: кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық.  
Киіз жабдықтары: туырлық, үзік, түндік, киіз есік.

**Ырым-тыйымдар**

Шаңырақты еш уақытта төңкеруге және жерге тастауға болмайды.  
Киіз үйді айналма.  
Киіз үйге оң аяқпен кіру керек.  
Табалдырыққа тұруға болмайды.  
Бақанды жерге тастама.

**Бата-тілектер**

Шаңырағың биік болсын!  
Шаңырағың тек шаттыққа толсын!  
Шаңырағың шайқалмасын!  
Босағасы берік болсын!  
Керегесі кең болсын!



**12-тапсырма. БЛИЦ - СҰРАҚ**

**(Киіз үйдің құрылысын білу деңгейін анықтауға негізделген)**

1. Киіз үйдің есігі не деп аталады? \_\_\_\_\_
2. Шаңырақты жабатын киіз қалай аталады? \_\_\_\_\_
3. Киіз үйдің есігі қалай аталады? \_\_\_\_\_
4. Ең бірінші киіз үйдің несі құрылады? \_\_\_\_\_
5. Керегені жабатын киіз қалай аталады? \_\_\_\_\_
6. Уықты жабатын киіз не деп аталады? \_\_\_\_\_
7. Киіз үйдің ағаш сүйегіне нелер жатады? \_\_\_\_\_
8. Киіз үйдің киіз жабдығының атауларын атаңыз. \_\_\_\_\_
9. Шаңырақ пен керегені бекітетін ағаш қалай аталады? \_\_\_\_\_
10. Үйдің уық қадайтын дөңгелек шеңберінің атауы не? \_\_\_\_\_



**13-тапсырма. Аудио-бейне материалдармен жұмыс.**

- Аудио материалды мұқият тыңдаңыз.
- Аудио материалдан қандай ақпарат алдыңыз, айтып беріңіз.
- «Шаңырақ көтеріліп жатқанда сөйлеуге болмайды» дегенді қалай түсіндіңіз?
- Адамдар киіз үйге кіргенде қалай кіреді?
- Әлемде киіз үйге ұқсас аралдар мен таулар қалай аталады?



**14-тапсырма. Аудио материалдан ұққаныңызды жаныңыздағы жұбыңызбен жазбаша және ауызша сұхбат түрінде жеткізіңіз.**



**15-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма: Сіз шетелде жүрсіз. Шетелдіктер қазақтың киіз үйі туралы білгісі кеп, сізден сұрады. Қалай жауап бересіз?**